

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ
Педагогикалық өлшеулер орталығы



«ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ (Т1)» ПӘНІ БОЙЫНША СЫРТҚЫ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ ТЕСТ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

12-сынып

Астана, 2026

Мазмұны

1. Бағалау мақсаты.....	3
1.1 Халықаралық стандарттармен байланысы	3
1.2 Оқу бағдарламасымен байланысы	3
1.3 Критериалды бағалау жүйесімен байланысы	3
2. Сыртқы жиынтық бағалауға шолу	3
2.1 Бағалау міндеттері	4
3. Емтихан жұмысының сипаттамасы.....	5
3.1 1-емтихан жұмысы: Оқылым және мәтінді талдау.....	5
3.2 2-емтихан жұмысы: Жазылым	5
3.3 Балдардың үлестірілуі	6
3.4 Емтиханды өткізу тілі.....	6
4. Емтиханды өткізу процесін басқару	6
5. Балдарды қою процесі	7
6. Бағаларды қою процесі	7
6.1 Бағалар сипаттамасы.....	7
7. Сұрақтар және балл қою кестелерінің үлгісі.....	9
7.1 1-емтихан жұмысы. Оқылым және мәтінді талдау.....	9
7.2 2-емтихан жұмысы: Жазылым	20

1. Бағалау мақсаты

Бағалау мақсаты – оқушының оқу процесінде алған білімі мен білігінің деңгейін, сондай-ақ олардың жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын қолдана алу қабілетін анықтау.

1.1 Халықаралық стандарттармен байланысы

12-сыныптағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т1) пәні бойынша сыртқы жиынтық бағалау тапсырмалары Cambridge AS Level халықаралық стандартына сай құрастырылған.

1.2 Оқу бағдарламасымен байланысы

12-сыныптың сыртқы жиынтық бағалауы 11 және 12-сыныптағы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ NIS-Programme Білім беру бағдарламасының мазмұнын қамтиды. Оқушылардың білімі мен білігінің деңгейі, сондай-ақ дағдылары «Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т1) пәні бойынша бағдарламаның күтілетін оқу нәтижелерімен анықталады.

1.2 Критериалды бағалау жүйесімен байланысы

Сыртқы жиынтық бағалау Критериалды бағалау жүйесінің бір бөлігі болып табылады, сонымен бірге оған қалыптастырушы бағалау және ішкі жиынтық бағалау кіреді.



2. Сыртқы жиынтық бағалауға шолу

Барлық оқушылар екі тапсырма орындайды.

1-емтихан жұмысы: Оқылым және мәтінді талдау	120 минут
Оқушылар 50 баллмен бағаланатын екі міндетті тапсырманы орындайды. 1-тапсырма өтілген тақырыптарға сәйкес келетін, жалпы көлемі 700 сөзден аспайтын тақырыбы ортақ мәтіннен алынған 2 үзіндіден тұрады. 1-тапсырмада екі жазбаша тапсырма бар: (а) бөлімінде үзіндінің тілі мен стилін салыстыру қажет, (ә) бөлімінде белгілі бір аудиторияға арналған нақты мақсаты бар 170-200 сөзден тұратын мәтін жазу керек. 2-тапсырмада құрамы 600 сөзден аспайтын ауызекі сөйлеу тіліндегі мәтінге талдау жүргізу қажет. Сөздіктерді қолдануға тыйым салынады.	
Жалпы балл санының 50% -ы	

2-емтихан жұмысы: Жазылым	105 минут
Оқушылар берілген алты тапсырманың ішінен 2 тапсырманы орындайды. Ол тапсырмалар жалпы 50 балмен бағаланады. Әр сұрақтың жауабы үшін бірдей сандағы балдар беріледі. Оқушылар А бөлімінен бір тапсырманы – шығармашылық жазбаны және Ә бөлімінен бір тапсырманы – белгілі бір аудиторияға бағытталған жазбаны таңдайды. Әр бөлімде құрамы 450-600 сөзден тұратын жазба жұмысын немесе құрамы 225-300 сөзден тұратын қысқаша екі азат жолдан тұратын, мазмұны бойынша байланысып келетін жазба жұмысын жазуы керек. А бөлімінде оқушылар хабарлама немесе сипаттама мәтінін, ал Ә бөлімінде дискуссиялық немесе аргументті мәтін жазуы қажет. Екінші бөлімнің жұмысы белгілі бір аудитория үшін анықталған форматта (мысалы, журналдағы көлемді мақала, ақпараттық мақала, сыни мақала, газетке хат, сөйлейтін сөз, пікір, баяндама, шолу, үндеу хат, т.б.) ұсынылуы керек. Сөздіктерді қолдануға тыйым салынады.	
Жалпы балл санының 50%-ы	

2.1 Бағалау міндеттері

Бағалау міндеттері оқу бағдарламасы мен оқу жоспарындағы оқу мақсаттарына сай келеді.

1-БМ	Коммуникативтік құзырлық Оқушы: • түрлі дереккөздерінен алынған мәтіндерді салыстыруы және жанрлардың абстрактілі және нақты тақырыптарын түсінуі; • дәйектілікпен тиімді талдауы, бағалауы, болжауы, іріктеу және ақпаратты беруі, идеяны дамыту және қалыптастыруы, интерпретация және әр түрлі болжамдарды, тәуелсіз көзқарастарды қолдана білуі; тақырыптарды анықтап жалпы сипаттауы және ойды тұжырымды етіп айтуы, өз пікірлерін жеткізуі; • стилистика түрлерін, астарлы және басқа да мағынада айтылған сөздерді анықтауы; • шығармашылық жұмыстарды орындауы, терең дәлелдеулермен қызықтыруы, түрлі жанрдағы мәтіндерді (әдебиет, сыни, тарихи, философиялық, ғылыми және т.б.) меңгеруде терең білімділігін көрсетуі тиіс.
2-БМ	Тілдік құзырлық Оқушы: • оқылатын тілді ауызша дәл және тиімді меңгеруі, сол сияқты жазбаша түрде қарапайым шартты белгілерді лайықты лексикалық, грамматикалық, синтаксистік құрылымдарды және пунктуациялық белгілерді қолдана білуі; • әртүрлі жанрдағы күрделі мәтіндердің лингвистикалық және стилистикалық ерекшеліктерін талдауы және құрылымын салыстыруы, анықтауы тиіс.
1-БМ	Мәдениаралық құзырлық және заманауи қоғам туралы білімі Оқушы: • өздерінің жеке пікірлерін, идеяларын жеткізуі, әртүрлі әлеуметтік-мәдени мәнмәтіндерді, жағдайлар мен фактілерді жаһандық мәселелерге әкеле отырып бағалауы; • қазіргі заманғы қоғам мен ұлттық мәдениет туралы білімін жеткізуі тиіс.

3. Емтихан жұмысының сипаттамасы

Оқушылар 2 емтихан жұмысын орындайды. 1-емтихан жұмысы оқылым және мәтінді талдауға арналған. Бұл емтихан жұмысында мәтіндердің айырмашылық ерекшеліктерін анықтап түсіндіру қабілеттері бағаланады. 2-емтихан жұмысы жазылымға арналған. Жазылымда оқушылардың шығарма жазу қабілеттері және тілдің көмегімен мұқият жоспарланған әрекетті құра алуы, сонымен бірге аргументтер келтіре отырып, жүйелі және сенімді жаза алу қабілеттері бағаланады.

3.1 1-емтихан жұмысы: Оқылым және мәтінді талдау

Оқушыларға 50 балмен бағаланатын екі міндетті тапсырманы орындауға 2 сағат беріледі.

1-сұрақ үшін мәтіндер қазақ тіліндегі көркем шығарма үзінділері, редакциялық мақалалар, жаңалықтар, мақалалар, шолулар, блогтар, журналистік зерттеулер, хаттар, автобиография, күнделіктер, эссе секілді әртүрлі дереккөздерінен алынады.

Сөздіктерді қолдануға тыйым салынады.

Бұл тапсырма оқушылардың мәтіндердің ерекше айырмашылықтарын анықтау қабілеттерін, өз жауаптарында ақпараттарды дұрыс ұйымдастыру мен жазылымның қызметін байланыстыра алуын, сөздік қоры секілді аспектілерге түсінік беруін, нақышты сөздерді қолдануын (мысалы, метафора мен теңеуді қолдану), сөздердің реті мен сөйлем құрылымын, формальды деңгейін, коммуникациялық қарым-қатынасын, тысқары пікір мен алдын ала болжай алуын бағалайды. Балдар балл қою кестесіне сәйкес қойылады.

Бағалау міндеттері	Балл	Сипаттама
1-БМ 2-БМ 3-БМ	35	1-тапсырма көлемі 700 сөзден кем емес екі мәтін үзіндісіне негізделген, өзара байланысы бар тақырыптарға қатысты 2 жазбаша тапсырмадан тұрады: 1 (а) сұрағында оқушыдан екі үзіндінің стилі мен тілін салыстыру талап етіледі; 1 (ә) сұрағында оқушылар белгілі бір тақырыпта және кәсіби аудиторияға сәйкес лексиканы қолданып, 170-200 сөзден тұратын мәтін жазуы керек. Оқушылар мәтін жазу барысында екі үзіндіден дәлелдер мен фактілерді келтірулері керек.
1-БМ 2-БМ 3-БМ	15	2-тапсырма тек бір мәтін үзіндісінен тұрады. Мәтін үзіндісі ауызекі сөйлеу тілінен алынған, сөз саны 600 сөзден кем емес. Оқушылар алған үзіндінің стилін талдап, түсінік берулері қажет.
Барлығы	50	

3.2 2-емтихан жұмысы: Жазылым

Оқушыларға ұсынылған алты сұрақтың екеуіне жауап беру үшін 1 сағат 45 минут беріледі. Сұрақтар жалпы 50 балмен бағаланады. Жұмыс екі бөлімнен тұрады: А бөлімі және Ә бөлімі. Әр бөлім үш сұрақтан тұрады.

Оқушылар А бөлімінен бір сұраққа, Ә бөлімінен бір сұраққа, жалпы екі сұраққа жауап береді. Әр сұраққа бірдей сандағы балдар қойылады.

Сөздікті қолдануға тыйым салынады. Берілген тапсырмада балдар белгілі бір аудиторияға арналған жазба жұмыстарында тиісті лексикалық қорларына, стильдерді нақты мақсатпен жаза алу қабілеттеріне, ойларын анық жеткізе алуларына, аргументтер жүйесін құра алуына, дәйекті түрде сенімді етіп жаза алғандарына қойылады. Балдар балл қою кестесіне сәйкестендіріліп қойылады.

Бағалау міндеттері	Балдар	Сипаттамасы
1-БМ 2-БМ 3-БМ	25	А бөлімі Шығармашылық жазба жұмысы (әңгімелеу/сипаттау) Оқушылар үш сұрақтың біреуін таңдайды. Құрамы 450-600 сөзден тұратын (немесе екі немесе одан да қысқарақ байланысқан 225-300 сөзден тұратын сабақтас мәтіндер) хабарлама немесе сипаттама мәтінін жазу керек. Берілген сұрақ оқушының оқиғаны бейнелі баяндай алуын, нақты әсерлерді құра алуын, мысалы, көңіл күйді жеткізе алуы немесе кейіпкерді сипаттай алуы секілді қабілеттерін бағалайды.
1-БМ 2-БМ 3-БМ	25	Ә бөлімі Белгілі бір аудиторияға арналған жазба жұмысы (дискурсивті/аргументативті) Оқушылар үш сұрақтың біреуін таңдайды. Құрамы 450-600 сөзден тұратын (немесе екі немесе одан да қысқарақ байланысқан 225-300 сөзден тұратын сабақтас мәтіндер) жазба жұмысын жазу керек. Белгілі бір аудиторияға арналған әр сұрақ үшін жазбаның нақты жанры берілген (мысалы, журналдағы көлемді мақала, кәдімгі мақала, сыни мақала, газетке хат, сөйлейтін сөз, пікір, баяндама, шолу, үндеу хат, т.б.). Берілген сұрақ оқушылардың өз ойларын анық жеткізулерін, аргументтер жүйесін құра алуларын, дәйекті түрде сенімді етіп жаза алу қабілеттерін бағалайды.
Барлығы	50	

3.3 Балдардың үлестірілуі

Жалпы бағалау мен әр емтихан тапсырмасы үшін қойылған балл саны төменде пайыздық шамамен берілген.

Бағалау міндеттері	1-емтихан жұмысы. Оқылым және мәтінді талдау	2-емтихан жұмысы. Жазылым	Барлығы
1-БМ	22.5	20	42.5
2-БМ	22.5	20	42.5
3-БМ	5	10	15
Барлығы	50	50	100

3.4 Емтиханды өткізу тілі

Емтихан қазақ тілінде өтеді.

4. Емтиханды өткізу процесін басқару

Емтихан қауіпсіздік шараларының барлығын қатаң түрде сақтай отырып, Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларының оқу жетістіктерінің сыртқы жиынтық бағалауын ұйымдастыру және өткізу туралы Нұсқаулықтың талаптарына сай өткізіледі. Нұсқаулық келесі негізгі баптарды қамтиды:

- емтихан материалдары және олардың қауіпсіздігі;

- мұғалімдердің, кезекшілердің және әкімшіліктің міндеттері;
- емтихан өткізуге арналған материалдар мен аудиторияларды дайындау;
- жазбаша және практикалық емтихандарды өткізу үшін сәйкес келетін кабинеттерді дайындау.

5. Балдарды қою процесі

Балл қою процесі бас емтихан алушы, топ жетекшілері және емтихан алушылардан тұратын аттестациялық комиссия күшімен жүзеге асырылады. Әрбір емтихан жұмысы бойынша балл қою үшін емтихан алушылар топтары құрылады. Оларды топ жетекшілері басқарады.

Балдарды қою кезінде барлық емтихан алушылар балл қою кестесінің бірдей нұсқасын пайдаланады. Балл қою кестесінің дұрыс қолданылуын және бағалаудың әділдігін қамтамасыз ету мақсатында емтихан алушының тексерген жұмыстарын топ жетекшілері, бас емтихан алушы таңдамалы түрде қайта тексереді.

6. Бағаларды қою процесі

Әрбір пән бойынша бағалау нәтижелері А*, А, В, С, D және Е әріптік бағалары түрінде қойылады, мұндағы А* бағасы оқу жетістіктерінің ең жоғарғы деңгейі, ал Е бағасы ең төменгі деңгейі болып табылады.

U бағасы (қанағаттанарлықсыз) оқушының оқу бағдарламасы материалын меңгермегенін білдіреді.

Оқушылардың пән бойынша оқу жетістіктерінің бағасы әр емтихан жұмыстарының бағаларынан емес, барлық емтихан жұмыстарының жалпы балынан шығарылады.

Тест спецификациясында негізгі бағалардың (А, С және Е) сипаттамасы берілген. Аттестациялық комиссия осы бағалардың шекараларын кәсіби ой-пікір және оқушылардың нәтижелері негізінде анықтайды. А*, В және D бағаларының шекаралары арифметикалық жолмен анықталады.

А*, А, В, С, D және Е бағалары қорытынды бағаға аударылады.

6.1 Бағалар сипаттамасы

Негізгі бағалардың сипаттамасы оқушылардың мүмкіндік деңгейін анықтайтын белгілі бір стандарт жөніндегі жалпы түсінігін қалыптастыру үшін беріледі.

Баға	Сипаттамасы
А	Қазақ тілін толық меңгергенін, ғаламдық, әлеуметтік, мәдени сұрақтар жайлы білімін және пән ішіндегі байланыстарды түсінетінін көрсетеді. Жаһандық әлеуметтік және мәдени сұрақтардың мақсатты мәтіндермен ара қатынасын жеңіл және дәлме-дәл белгілей алады. Тіл сапасы Құрамында әртүрлі ерекшеліктері мен формалары қамтылған сөйлеу тіліндегі сілтемелер мен мәдени иллюзиялары бар көптеген күрделі мәтіндерді және олардың астарлы мағынасын түсінеді. Әлеуметтік, академиялық және іскерлік мақсаттағы нақты стильде тілдік формалардың алуан түрлерін, лексикада аз қолданылатын сөздік қорды, күрделі құрылымдарды еркін және дәлме-дәл пайдаланады. Берілген деңгейде күтілетін мол сөздік қор мен грамматикалық формаларды қатесіз қолданады. Қажетті деңгейге сәйкес стиль мен барлық заңдылықтарды сақтайды. Ұйымдастыру мен коммуникативтік дағдысы Мәтін мазмұнында кең мағынасы бар күрделі идея толығымен ашылған, ұйымдық құрылымдар мен байланыс құралдарын кеңірек пайдалана алған. Оқушылар барлық ақпарат көздеріне қол жеткізе алады, ақпараттарды саралай алады, өз ойларын еркін, жоспарсыз жеткізе алады. Коммуникативтік міндеттердің шартты белгілерін білетінін көрсетеді.

	Коммуникативтік міндеттерге жауап бере отырып, тұтас аудиторияның назарын ұстай алады, күрделі идеяларды тиімді және сенімді етіп жеткізе алады.
С	Қазақ тілінен жақсы білімін көрсетеді, жаһандық әлеуметтік және мәдени сұрақтар мен пәнішілік өзара байланысты айқын түсінеді. Жаһандық әлеуметтік және мәдени сұрақтардың мақсатты мәтіндермен ара қатынасын белгілей алады. Тіл сапасы Құрамында әртүрлі ерекшеліктері мен формалары қамтылған сөйлеу тіліндегі сілтемелер мен мәдени иллюзиялары бар жеткілікті күрделі мәтіндерді және олардың астарлы мағынасын түсінеді. Әлеуметтік, академиялық және іскерлік мақсаттағы нақты стильде тілдік формалардың алуан түрлерін, лексикада аз қолданылатын сөздік қорды, күрделі құрылымдарды дұрыс пайдаланады. Қарапайым және күрделі грамматикалық формаларды пайдалануды бақылайды және пайдаланады. Кей жағдайда мәтіннің мазмұнын түсінуде қиындық келтірмейтін қателерді жібереді. Ұйымдастыру мен коммуникативтік дағдысы Мәтін логикалық бірізділікпен жақсы құрылған және ұйымдық құрылымдар мен байланыс құралдарын кеңірек пайдалана алған. Негізгі мағынасы баяндалған, бірақ кейбір маңызды идеялар дамымаған. Жазбаның құрылымы түсінікті, бірақ арасында ой жалғасын бақылап отыру қиынға түседі; кейбір идеялар бір-бірімен жақсы байланысқан. Әлеуметтік және академиялық мәнмәтінде өз ойын едәуір еркін жеткізеді. Мәтін түсінікті және әр түрлі тақырыптарды кеңірек қолдана отырып жете сипатталған; өзекті тақырыптар бойынша өзінің көзқарасын білдіреді.
Е	Қазақ тілінен базалық білімін көрсетеді, жаһандық әлеуметтік және мәдени сұрақтар мен пәнішілік өзара байланысты қарапайым деңгейде түсінеді. Жаһандық әлеуметтік және мәдени сұрақтардың тұтас мәтіндермен ара қатынасын белгілеуде қиналады. Тіл сапасы Күрделі мәтіндерді түсінуде базалық білімін көрсетеді, бірақ олардың ерекшеліктері мен астыртын мағыналарын түсінбейді. Осы деңгей үшін аздаған грамматикалық құрылымды пайдаланады. Сөздік қоры жұтаң, сөздерінде (орфографиялық, мағыналық) қателер жиі кездеседі. Қайталанатын қателер маңызды да, маңызды емес те қателер болып саналады және мәтіннің мазмұнын түсінуде жиі қиындық тудырады. Мәтіннің мақсатына келетін стиль мен заңдылықтар туралы бейхабар. Ұйымдастыру мен коммуникативтік дағдысы Тапсырманың көп жерлері түсініксіз, бірнеше маңызды идеялары мен жіберілген кемшіліктері бар. Мәтін анық құрылмаған, идеялары бір-бірімен байланыспайды немесе жеткілікті дәрежеде байланыспаған. Таныс тақырыптарға да қарапайым байланыстағы мәтін жазылған. Берілген мәтіннің түріне қажетті, маңызды шартты белгілердің көп бөлігінен қателіктер жібереді. Ойы жұтаң берілген, тұтас аудиторияға кері әсерін тигізеді.

7. Сұрақтар және балл қою кестелерінің үлгісі

Балл қою кестесі екі түрге бөлінеді: жалпы балл қою кестесі және арнайы балл қою кестесі. Жалпы балл қою кестесі: жекеленген сұрақтардың нақты мазмұнына сілтеме жасамайды, тек сұрақтарға қолдануға арналған.

Арнайы балл қою кестесі жеке жуық жауап мазмұнын және дәл осы сұрақ үшін жазылғанын көрсетеді. Бұл кесте емтихан алушының мысалы ретінде қолданылуы қажет. Жауаптардың басқа қолайлы нұсқалары рұқсат етіледі.

Төменде мысал ретінде сұрақтар көрсетілген.

Әрбір сұрақтың соңында оған берілетін балл көрсетілген, мысалы [15].

Балл қою кестесі әр сұрақтан кейін беріліп, қандай балл қойылатындығы көрсетіледі.

7.1 1-емтихан жұмысы

1-сұрақ

Б.Момышұлы туралы екі мәтінді оқып, 1(а) және 1(ә) сұрақтарының екеуіне де жауап беріңіз.

- 1 (а) Екі мәтінді салыстырып, олардың тілі мен стилін, формасын, ұқсастығын және айырмашылығын сараптаңыз.

[15]

(ә) Екі мәтіндегі ақпараттарды пайдаланып, Б.Момышұлының өмірін зерттеуші ретінде «Бауыржан – қайсарлық пен құндылықтың үлгісі» атты мектеп оқушыларының алдында сөйлейтін сөзіңізді жазыңыз. Пікіріңізді қажетті деректермен қолдап, қорғай біліңіз. Сөз саны 170-200 сөзден тұруы тиіс.

[20]

А мәтіні: Б.Момышұлы туралы ғаламторда жарияланған мақаладан үзінді

Қалам мен қаруды қатар ұстаған аңыз адам

Қаламын жүрекке, жүрегін ақиқатқа малып ап жазған Б.Момышұлы әскери, тарихи, әдеби салада мол мұра қалдырды. А.Байтұрсынұлы тіл мен әдебиет теориясын негіздеп беріп кетсе, Момышұлы соғыс теориясын жазды. Профессор Момышұлы шығармаларының ішіндегі шоқтығы биігі – «Соғыс психологиясы». Ол – әлемдік әскери ғылым еншісіне қосылған теңдессіз еңбектің бірі. Бәлкім бірегейі. «Соғыс психологиясы» – соғыс теориясы туралы іргелі, күрделі еңбек. Оны тұтас талдауға көбінің әскери білімі жете бермейді. Оның үстіне, Бауыржан өзін аямайтындардың сапынан. Жан-дүниесінің терең қатпарларындағы кемшіліктеріне дейін аямай аршып, ашық айтып кеткен адамның психологиялық ұстанымдарын тап басып тану, оны жүйелеу оңай емес.

Бауыржанның батырлығы туралы айтылды, бірақ оның ғалымдық қыры һәм әскери ғылым саласына қосқан үлесі туралы жүйелі сөз айтылған жоқ. Оны айту оңай да емес. Қандыкөйлек досы Дмитрий Снегин Момышұлына «Ученый, писатель, военный историк» деп баға берген. Баукеңше айтқанда, бұл – «Үлкен баға». Баласы Бақытжанның айтуына қарағанда, Момышұлының мұралары 12 мемлекеттің әскери мектептерінде оқу бағдарламасына енгізілген. Бірде маған Мекемтас Мырзахметұлы: «Бауыржанның атында алғаш әскери мектеп ашқан – Израиль. Біз Баукеңнің атындағы мектепті Израильден кейін аштық», – деп еді...

Бауыржанның ерлік туралы ұстанымы да бөлек. «Ерлік туа бітті қасиет емес, ол – дұрыс берілген әскери тәрбиенің жемісі». Бауыржан осы ойды күнделіктерінде де жиі қайталап отырады. Бұл автордың кездейсоқ пікірі емес, оның берік ұстанымы. «Отан үшін отқа түс күймейсің», «Адал ұл ер боп туса, ел тірегі», «Соғыстағы ең қуатты қару – адамның рухы» сияқты бұл күнде ел жүрегін тербеп жүрген тірі тіркестер осы ойлардан, терең толғаныстардан шыққаны күмәнсіз.

Батыр шайқастардың бірінде алғашқы ұмтылысы сәтсіз шыққан сарбазға:

«Анаңнан ұл боп туғаның рас болса, анау танкінің көзін жойғын! – деп бұйырдым. Сарбаз бұл сөзден кейін рухтанып, екінші рет ұмтылып танкінің көзін жойды», – дейді. Оның адам мінезінің қыр-сырын терең меңгеріп, тамыршыдай тап басып отырғаны даусыз. Батыр соғыс майданында тек қолына қару алып соғысқан жоқ, ол өзінің ішкі әлеміндегі алапат айқастарды, сол айқастарда туған тұжырымдарды дәптер бетіне түсіріп отырды. Онысы соғыстың аяғына қарай 37 дәптерге жетіпті. Демек, ол соғыс туралы терең ойларға барды, тың тұжырымдар жасады, соғыса жүріп, халық мұраларының інжу-маржан үлгілерін өз пайдасына жаратты. Ауыз әдебиетінде соғысқа қатысты сан ғасырлық құнына баға жетпес мұралар бар екеніне қан кешіп жүріп көз жеткізді.

Абай Қалшабек, ақын

Ә мәтіні: Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» романынан үзінді.

Осы бір алыста қалған балалық шақтың бал түні сұрапыл соғыс кезінде елестер деп үш ұйықтасам түсіме енген емес еді. Қайран, балалық-ай десеңші! Алыста қалған арайлы адал таңдарым менің. Онда мен кіп-кішкентай сәби едім. Адамдардың бәрі «айналайыннан» басқа сөзі жоқ, кілең мейірімді жандар болып көрінетін... Қария кісілердің сақалынан қасиет-қадір белгісі көрініп тұрар еді маған. Ер мінез жігіттердің кесек тұлғаларынан, шашбаулары сылдыраған қыз-келіншектердің жүріс-тұрысынан мен адамзаттың асқақ сұлулығын түйсіксіз байқағандай болармын. Солардың бәрі мені аймалап, сүю үшін жаратылған жандар сияқты сезілуші еді.

Ол ол ма, анау асқар таулар, етектегі еңісті шексіз дала, көгілдір аспан, түнде жымындаған жұлдыздар, толықсып туған ай, жасыл жайлау — бәрі-бәрі тек маған ғана елжірей қарап, мені ғана аймалап әлдилейтін сияқты еді. Дүние сенің сәби кезіңмен көргендегідей өмір бойы қайырымды, аспаны — күмбез, желі — жібек, әдемі ертек болып тұра берсе, көне. Тек оқта-текте ауылдың үстін, тау бөктерін тұнжыр бұлт торлайтын. Бұлт сонда үн-түнсіз шаруақор менің әкеме ұқсайтын. Ал күн күркіресе, апамның ересек балаларына ақырып-зекіргені есіме түсіп, жым боламын. Енді бірде аспанға аң-таң боп қарап қаласың. Буда-буда бұлттар жалы желбіреп шауып бара жатқан асау айғырлар сияқты. Кейде шөгіп жатқан түйелер сияқты. Кішкентай қолдарыңды созып, сол керемет дүниеге ұшып барып, әлгі қанатты тұлпардың жалынан сипалағың келеді. Баланың бақытты шағы сол кереметке сенгенінде шығар. Кейін есейе келе әлгі бұлттың су екенін, күннің қызуымен бу болып ұшатынын білу қандай қатал...

Ертексіз өскен бала — рухани мүгедек адам. Біздің қазіргі балаларымызға әжелері, не шешелері ертек айта бермейді. Содан қорқам. Менің қазіргі келіндерім немерелеріме бесік жырын айта білмейді. Бесікте жатқанда құлағына анасының әлди әні сіңбеген баланың көкірегі кейін керең боп қалмаса деп қорқамын. Ал менің кәрі апам Қызтумас маған ертекті көп айтатын, әлди әнді көп айтатын. Әрине, ол кезде мен де өзге сәбилер сияқты әжем айтқан ертегі мен аңыздардың түпкі байыбына бара бермейтінмін, әке әңгімесінің өсиетін ұға бермейтінмін және үлкендердің талай-талай өнегесін орындай бермейтінмін... Ол кезде мені қызықтыратыны ертегі-аңыздардың ғажайып оқиғалары еді... Енді, міне, есейіп ел ағасы болғанымда ойласам, мен сол әңгімелерден адамзат өресінің өрісін тани берген екем ғой... Мамыражай сәттерден мазасыз майданға көшіріп, көбік шашқан өмір дариясының бір толқынынан екінші толқынына аямай лақтырған уақыт ше? Осындай уақыт талқысы ғана, өмір өткелдері ғана, тірлік тізбегі ғана менің әжемнен үйренген «жақсы», «жаман» деген сөздердің байыбына терең бойлата алды.

2-сұрақ

Төмендегі Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, әнші Нұрғали Нүсіпжановпен болған сұхбатты оқыңыз.

Мәтіннің тілі мен стилінің ерекшеліктерін сараптаңыз.

[15]

Мәтінде қолданылған шартты белгілер:

(.) / (..) — кідіріс, қысқа және ұзақтау

Қиғашталып берілген сөздер (мысалы: *имм..*) — тұтығу, бөгелу мәніндегі көмекші сөздер

БАС ӨРІППЕН БЕРІЛГЕН СӨЗДЕР (мысалы: СІЗ туралы) — дауыс ырғағы

Жүргізуші: – Тәуелсіз елдің жастары құндылықтардан неге алшақтап барады?

Н.Нүсіпжанов: – Кітап оқымайтын жастарды көріп, қынжылам. Тіптен, ҰЯТ.. Жасымыз ұлғайса да, кітап ақтармай отыра алмаймын. Түртініп, тарихи дүниелерді түртіп алып жүремін. Тарихшы боп кеткен жоқпын ба деп қорқамын, кейде. Ал жастар неге құндылықтардан алшақтап кетті дегенге келсек, (..) тәрбиеден алшақтап кеткендігі. КІТАП оқымайтындығы. Менің қатарластарымның бақыты неде? Олар білім мен білікті қатар алып жүрді.

Жүргізуші: – Шын мәнінде, сіздің буынның бақыты неде?

Н.Нүсіпжанов: – Қарапайым отбасында дүниеге келдік. *имм* қарапайым тұрмыс кештік. Отбасында әкеміз үнемі «Айналайын, АДАЛ еңбек ет. Адал тапқан нанның дәмі тәтті болады» деп айтып отыратын. (..) Біздің буын еңбекке ерте араласты. Есіміз кіресілі-шығасылы төрт-бес жасымызда колхоздың жұмысына пайдаланды. Одан бөлек, үйдің шаруасы да сенің мойыңда. Бүгінгі біздің балаларымыз, немерелеріміз *имм* осыны сезінген жоқ. Қаланың тіршілігін көріп, сезіп, өсіп келеді. Кей-кейде (.) сол балалық шағымды, еңбекпен өскен өмірімді сағынам. Балаларымды, немерелерімді еңбекке баулығым келеді. Асфальтта өскен бала қара нанның қадірін қайдан білсін?! Жоғарыда *имм* ұлттық құндылықтар туралы әңгімені текке қозғаған жоқпын. Қазір бізде мектеп, институт, академия ОНДАЙ тәрбие бере алмайды! Ұлттық қасиетімізді ұлықтайтын, (.) ұлттық құндылықтарға икемдейтін жүйе қалыптаспаған. Қалтамызда ақша болса, сонымен, дүниені аралағымыз келіп тұрады. Елді көрген, шартарапты шарлаған жақсы. Бірақ (.) сол елдің озық дүниелерін өзіміздің ұлттық құндылықтарымызбен ұштастыра алып жүрміз бе? Ең өкініштісі – ОСЫ. Кеңес заманында патриотизмді бойға сіңірмеген, *имм* өз еңбегімен еленбеген адамды сыртқа шығармайтын. Қазір жағдай мүлдем бөлек.

Жүргізуші: – Ағалардың аманатына адалдық дегеніміз не?

Н.Нүсіпжанов: – Өнердің жолы жеңіл емес. Бұрын біз, (.) өнер адамдары, композиторлар бір-бірімізбен тығыз байланыста болдық. Менің даусыма сай ән жазған авторларым болды. Ұқсас болды талғамымыз! Олар бар мен жоқты ажырата білді. Олар (...) Шәмші, Нұрғиса, Әсет сияқты мықты азаматтар еді. Мен солардың аманатын арқалап, көтеріп жүрмін. Ол – менің ӨМІР БОЙЫ арқалайтын аманатым. Оны бір жерде шашып, түсіріп алуға қақым жоқ. Неге дейсіз бе, (.) адамдық қасиетім де сол аманатпен өлшенеді. Аманатқа қиянат жасауға болмайды. Маған ғана тиесілі емес бұл АМАНАТ. Ол менен кейінгі буынға да жүктеледі. *имм* Ол – ағалар арқалаған ҚАЗАҚ ӨНЕРІНІҢ ЖҮГІ. Ол жүк жеңіл емес.

Жүргізуші: – Қазіргі жас әншілерді той асырап отырғаны жасырын емес. Тойшыл, сауықшыл әншілер көбейді.

Н.Нүсіпжанов: – Оның басты себебі – тез танымал болуға ұмтылу. Тез танымал болуға ұмтылу імм білімді көп қажет етпейді. Олардың көбі білім алып, бас ауыртқысы келмейді. Біздің кезімізде БІР әріптің басы қисаймайтын, бір адамның аты эфирде бір күнде ЕКІ РЕТ қайталанбайтын. Ешбір әнші (.) эфирқұмар болған емес. Қазір керісінше, барлығы эфирге ұмтылып тұрады.

Жүргізуші: – Сауықшыл емес, өнерге адал әншілер қалай өмір сүреді?

Н.Нүсіпжанов: – Өнерге адал адамдар ТАЗА өнердің жолында жүр. Өнердегі жастардың көбі сауықшыл, думаншыл болып кеткен. Өйткені қазір жастарды КӨШЕ тәрбиелеп кетті. АҚША тәрбиелеп кетті. Еліктеушілік басым. Мүмкін, біздің бұл ойымызға бүгінгі жастар келіспейтін де шығар. Ол да заңдылық, себебі көпке топырақ шаша алмаймыз, олардың арасында өнерді бағалай білетін жастар да бар, әрине. Дегенмен (.) ұрпақ тәрбиесінде көп олқылықтар жіберіп алғанымызды мойындауымыз керек. Отанды сүю, ұлтыңды сүю туралы мораль айтсаң, күле қарайтындар өте көп. імм Айтпасқа тағы болмайды. (...) Оны қазір біз айтпасақ, кім айтады?!

Жүргізуші: – Жастарды ұлттық құндылықтарға тәрбиелеуде кешігіп қалған жоқпыз ба?

Н.Нүсіпжанов: – Кешікпеу үшін ҚАЗІРДЕН бастауымыз керек. Қазір бастамасақ, ертең қиын болады. ҰЛТТЫ сақтау үшін ұрпақты сақтауымыз қажет.

Жүргізуші: – Неден қауіптенесіз?

Н.Нүсіпжанов: – Ақыл-парасаты ешкімнен кем емес, қазақтың мықты жастары желкілдеп өсіп келеді. Қазақтың ЕҢ ҮЛКЕН байлығы – ұрпағы. Әрбір адам (.) ұрпағымен мәңгі. Ұрпақ болғанда да, азат, намысшыл, саналы балалары бар елдің ғұмыры ұзақ болады. Сондай парасатты ұрпағымыз көп болса, (...) ешнәрседен қауіптенбес едім.

Жүргізуші: – Өңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Гүлзина Тұрғынбайқызы

Балл қою кестесі

1-емтихан жұмысы. Оқылым және мәтінді талдау

1(а) және 2-тапсырмалар үшін оқушылардың жауап мазмұнын айқындау мақсатында бөлек арнайы балл қою кестелері беріледі. Бұл жалпы балл қою кестесімен бірігіп қолданылады (1(а) және 2). 1(ә) сұрағына қатысты тек жалпы балл қою кестесі қолданылады. 1(ө) сұрағы еркін жауапты талап ететіндіктен арнайы балл қою кестесін қажет етпейді.

1а және 2-тапсырмалар үшін жалпы балл қою кестесі:

Диапазон	Балл	Сипаттама
5	13-15	- Мәтін түрлерін, тұтас аудиторияны, формасын, жанрын, мақсаты мен мазмұнын, стилі мен тілінің сипаттық ерекшеліктерін өте жақсы түсініп талдайды; нақты тапсырмаларға қойылатын балл қою кестесіндегідей етіп көрсетеді. - Өте ауқымды сөздік қорды және тілдік құрылымды орынды және сенімді қолданады.
4	10-12	- Мәтін түрлерін, тұтас аудиторияны, формасын, жанрын, мақсаты мен мазмұнын, стилі мен тілінің сипаттық ерекшеліктерін жақсы түсініп талдайды; нақты тапсырмаларға қойылатын балл қою кестесіндегідей етіп көрсетеді. - Ауқымды сөздік қорды және тілдік құрылымды орынды қолданады.
3	7-9	Мәтін түрлерін, тұтас аудиторияны, формасын, жанрын, мақсаты мен мазмұнын, стилі мен тілінің сипаттық ерекшеліктерін қанағаттанарлық деңгейде түсініп талдайды; нақты тапсырмаларға қойылатын балл қою кестесіндегі кейбір жауап нұсқаларын қамтиды.

		Қанағаттанарлық сөздік қорды және тілдік құрылымды жалпы орынды қолданады.
2	4-6	- Мәтін түрлерін, тұтас аудиторияны, формасын, жанрын, мақсаты мен мазмұнын, стилі мен тілінің сипаттық ерекшеліктерін шектеулі түсінеді, талдауға талпыныс жасайды; нақты тапсырмаларға қойылатын балл қою кестесіндегі шектеулі жауап нұсқаларын қамтиды. - Шектеулі сөздік қорды және тілдік құрылымды орынсыз қолданады.
1	1-3	- Мәтін түрлерін, тұтас аудиторияны, формасын, жанрын, мақсаты мен мазмұнын, стилі мен тілінің сипаттық ерекшеліктерін өте шектеулі деңгейде түсінеді; нақты тапсырмаларға қойылатын балл қою кестесіндегі өте шектеулі жауап нұсқаларын қамтиды. - Өте шектеулі сөздік қорды қолданады.
0	0	- Мәтін түрлерін, тұтас аудиторияны, формасын, жанрын, мақсаты мен мазмұнын, стилі мен тілінің сипаттық ерекшеліктерін түсінбейді; нақты тапсырмаларға қойылатын балл қою кестесіндегі жауап нұсқаларын қамтымайды. - Сөздік қоры өте нашар.

1(а) сұрағының арнайы балл қою кестесі

Арнайы балл қою кестесі жалпы балл кестесімен бірге 1(а) сұрағының жауабын бағалау үшін қолданылады. Төмендегі кесте 1(а) сұрағының жауабының жуық мазмұнын қамтиды мен емтихан алушының мысалы ретінде қолданылуына болады. Оқушылар жауаптарын байланысқан мәтін формасында жазады және оқылған мәтін бойынша өз түсініктерін төменде көрсетілгеннен басқа мысалдармен де бере алады. Жауаптардың басқа қолайлы нұсқалары рұқсат етіледі.

Екі мәтіннің ұқсастығы	
Екі мәтін де әдебиет пен әскери өнерде артына қайталанбас мол ұлттық рухани мұра қалдырған батыр қаламгер жайлы. Екеуінде де қазақтың халық ауыз әдебиетіне қатысты ақпараттар қамтылған. Екі мәтінде де Бауыржанның нақыл сөзге айналған ой-пікірлері қолданылған. Екі мәтінде де өзекті мәселе көтерілген. Екі мәтіннің де құрылымы сақталған. Екеуі де жазбаша формада берілген.	
Екі мәтіннің айырмашылығы	
А мәтіні	Ә мәтіні
Формасы	
Бауыржан Момышұлының әскери, тарихи, әдеби салада қалдырған мол мұрасы туралы ақпарат беру, «Соғыс психологиясы» еңбегінің маңызын түсіндіру және әскери ғылым саласына қосқан еңбегінің дұрыс бағалануы жайлы көпшілікке ой салатын талдау элементтері қатысқан мақаладан үзінді.	Батырдың сұрапыл соғыс жылдарында артта қалған балалық шағын еске алып, қиын күндерде адамдық қасиеттерді, «жақсы мен жаманды» ажыратуына септігін тигізген ауыз әдебиеті үлгілері екендігі туралы

	ой толғайтын естелік түріндегі көркем шығарма үзіндісі
Мақсаты	
- Бауыржан Момышұлының әлемдік әскери ғылым саласына қосқан үлесі мен «Соғыс психологиясы» еңбегінің маңыздылығын түсіндіру; - батырдың соғыс өнері туралы қалдырған мұраларының өз елімізде дұрыс бағаланбауы сияқты өзекті мәселені көрсету; - әскери қолбасшының ерлік ұстанымының ерекшелігін, жауынгерлерді тәрбиелеудегі тәжірибесі жайлы ақпарат беру; - соғыс өнері туралы қалдырған әдеби мұрасының халық ауыз әдебиетімен байланысты болғандығы жайлы тұжырым жасау.	- Балалық шағының есте қалған әдемі көріністері мен адами ізгі қасиеттер жайлы алғашқы түсініктері туралы ойымен бөлісу; - адам мінезінің қыр-сырын табиғи құбылыстармен қатар салыстыра отырып, ішкі әлеміндегі жұмсақтық пен мейірімділікті көрсету; - Ертегі мен бесік жырының бала тәрбиесіндегі рөлінің бәсеңдеп бара жатқандығы туралы мәселе көтере отырып, ауыз әдебиетінің адамдық қасиеттердің қалыптасуындағы маңызын дәлелдеу.
Мазмұны	
- Соғыс өнеріне қосқан үлесінің маңыздылығы туралы ақпарат беріледі; - батыр еңбегінің әлемдік және отандық әскер саласындағы қолданысы сарапталып, мәселе көрсетіледі; - соғыс теориясы мен жауынгерлерді тәрбиелеудегі психологиялық ұстанымдары жайлы баяндалады; - соғыс кезінде жазып қалдырған мұрасы туралы мүмкіндігі туралы ой қорытады.	- Балалық шағындағы көріністерді еске алу арқылы адами қасиеттер жайлы балалық сенімі мен түсініктерімен бөліседі; - халық ауыз әдебиетінің тәрбиедегі рөлі туралы ой қорытады.
Көзделген аудиториясы	
жоғары сынып оқушылары мен әскери сала мамандары, соғыс өнері жайлы ақпараттарға қызығушылық танытушылар, т.б.	жоғары сынып оқушылары, жазушының шығармашылығына қызығушылық танытатын оқырмандар.
Стилі	
публицистикалық стиль	көркем әдебиет стилі
Тілі	
Лексика/Морфология ғылыми, ресми лексикасы — терминдер (соғыс теориясы, әскери ғылым саласы, психологиялық ұстаным, ауыз әдебиеті т.б.) эмоциялық реңкі жоқ, ресми хабарлама, объективті көзқарасты білдіреді;	Лексика/Морфология қатыстық сын есімдердің қолданысы: арайлы, мейірімді, еңісті шексіз дала, қанатты тұлпар, мазасыз майдан т.б. негізгі ойға қатысты ақпараттарды анықтап, нақтылайды.

• жалқы есім «Израиль» ел атауының берілуі Б. Момышұлы еңбегінің өзге елде бағалануы жайлы ақпаратты көрсету мәтінге салыстырмалық, нақтылық сипат береді; • активті қолданыс тапқан «соғыс» деген зат есім арқылы жасалған тіркестер мәселенің соғыс өнеріне, соғыс теориясына, соғыс психологиясына қатысты екендігін танытып, батырдың әскери және әдеби салаларға қосқан үлесінің маңыздылығын көрсетеді. • сан есімдер : «12» сан есімін профессор Момышұлы мұраларын әскери мектептеріне енгізген елдердің санын көрсету үшін қолдану арқылы, еңбегінің құндылығы жайлы айтуды мақсат еткен, «37 дәптерге» сан есімді тіркесін қолдану арқылы батырдың соғыс кезінде түйген тұжырымдары мен нақыл сөздерінің молдығы туралы айту мақсатын көздеген. • Шылаулар: ыңғайластық қатынасты білдіретін «һәм, да, де» жалғаулықтарын қолдану арқылы Бауыржанның бірнеше қыры жайлы қатар айту мақсаты көзделсе, «бірақ» қарсылықты қатынасты білдіретін жалғаулық шылау арқылы батыр мұрасының дұрыс бағаланбауы туралы мәселеге қатысты көзқарасын көрсетеді. • Қыстырма сөздердің қолданысы: мақала авторы «бәлкім» қыстырма сөзін қолдануда «Соғыс психологиясы» еңбегінің әлемдік әскери ғылым еншісіне қосылған теңдессіз еңбектің бірі ғана емей бірегейі екендігіне болжау жасап, жеке көзқарасын білдірсе, «демек» қыстырма сөзін қолдану арқылы батырдың соғыса жүріп, тың тұжырымдарды жазып, жинақтағаны туралы алдыңғы айтылған ойға қорытынды жасайды. • Көркемдегіш құралдардың қолданысы: тұрақты тіркестер: «тап басып отырған», «қан кешіп жүріп» тұрақты тіркестерін қандай қиын сәтте болса да адам мінезінің қыр-сырын түсінуі мен соғыс психологиясын зерттегендігін бейнелі жеткізу мақсатында қолданылған. метафора: «қаламын жүрекке, жүрегін ақиқатқа малып ап жазған», «халық мұраларының інжу-маржан үлгілері» т.б. метафоралық қолданыстары арқылы батыр жайлы ақпараттарды бейнелі жеткізу мақсатын жүзеге асырған. эпитет: «қандыкөйлек досы» метафоралы эпитетін майдандас досының берген	• «мен, менің» жіктеу есімдігінің жиі қайталануы, етістіктердің жіктік жалғауының I жағында берілуі (байқағандай болармын, жым боламын, қорқам, орындай бермейтінмін т.б.) мәтіннің естелік жанрында жазылғандығын, яғни жанрлық ерекшелігін танытады; • Қыстырма сөздер (енді, әрине,) бала кездегі сезім мен есейген кездегі ойларының арасындағы байланысты, бала кезде тыңдап өскен ертегінің пайдасын растау, соған сендіру мақсатында қолданылады; • Талғаулық қатынасты білдіретін «кейде», «бірде» шылаулардың қолданысы мен «оқта-текте» мезгіл үстеуінің қолданысы арқылы жазушы балалық кездегі есінде қалған әдемі көріністерді, табиғат құбылыстарымен салыстырып, адамгершілік қасиеттер туралы көзқарасын танытады; • Метафоралық қолданыстар: «аспаны — күмбез, желі — жібек», «рухани мүгедек», «көкірегі керең» сияқты тіркестер арқылы ауыз әдебиетінің бала тәрбиесіндегі, адамдық құндылықтарды қалыптастырудағы қызметін түсіндіру мақсатын көздеген. • Тұрақты тіркестер: «үш ұйықтасам түсіме енген емес» тұрақты тіркесі арқылы сұрапыл соғыс кезінде балалық шақтағы кіршіксіз сезімді еске ала отырып, «байыбына бара бермейтінмін» деген тіркесті әжесінен сусындаған ауыз әдебиеті үлгілерінің қиын күнде адами құндылықтарды тануда пайдасының зор болғанын жеткізу мақсатында қолданған. • Эпитет: «сұрапыл соғыс», «асқар таулар, етектегі еңісті шексіз дала», «тұнжыр бұлт», «буда-буда бұлттар» сияқты эпитеттердің жиі қолданылуы мәтіннің стилдік ерекшелігін танытып қана қоймайды, жазушының әдеби қырын аша түседі. • теңеу: «жалы желбіреген асау айғырларға ұқсайды» теңеуін қолдануда автор адамның түрлі мінез-құлқын табиғат
--	---

бағасын жеткізу үшін экспрессивті айқындауыш сөз ретінде қолданған. теңеу: «тамыршыдай» теңеуін қолдануда автор дарынды қолбасшының жас жауынгерлер психологиясын жетік меңгергендігі туралы айтуды көздеген. Синтаксис • бірыңғай мүшелі жай және құрмалас сөйлемдер (шартты бағыныңқылы сабақтас, қарсылықты, түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдердің жиі кездесуі) мәтіннің өн бойында қолданыс тауып, Б.Момышұлының әскери ғылымға қосқан үлесі жайлы кеңейтілген ақпарат беруді көздейді; • төл сөз бен автор сөзінің қолданысы мәселеге қатысты түрлі пікірлерді қарастыру, талқылау мақсатында берілген. Мәтін құрылымы • мәтін екі абзацтан құралған; • түсіндіру элементтерімен берілген; • мәтіндегі абзацтар өзара логикалық бірізділікпен байланысқан; • құрылымы толық сақталған (кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімі бар).	көріністерімен салыстырып, ерлік рух пен қайсар мінездің тасасында жұмсақ, нәзік бала психологиясы жатқандығын көрсеткісі келген. Синтаксис • мәтін баяндау болғандықтан, хабарлы сөйлемдерден тұрады. Толымсыз сөйлемнің қолданысы (Содан қорқам.) айтқан ойын нақтылау мақсатында қолданылған ; • құрмалас сөйлемдер автордың негізгі мақсатын ашу үшін қолданылған; Мәтін құрылымы • мәтін үш абзацтан тұрады, абзац араларындағы логикалық жүйе сақталған.
---	--

1(ә) сұрағының жауабына арналған жалпы балл қою кестесі

1(ә) сұрағының жауабын бағалау үшін жалпы балл қою кестесі қолданылады.

Диапазон	Коммуникация	Тіл құзырлығы
5	9–10 балл • Мәтіннің аудиториясын, мақсатын, формасын, шартын және олардан туындаған әсерлерін терең түсінеді. • Өз көзқарасын қолдау үшін материалды шебер қайта өңдей біледі. • Орынды стильді жоғары деңгейде қолданады.	9–10 балл • Күрделі түсініктерді жеткізу кезінде грамматикалық және лексикалық нормаларды өте жақсы түсінетіні көрсетіледі. • Тілі барлық жерде сауатты, кездейсоқ сирек қателер болуы мүмкін, көркем, таза жазады.
4	7–8 балл • Мәтіннің аудиториясын, мақсатын, формасын, шартын және олардан туындаған әсерлерін жақсы түсінеді. • Өз көзқарасын қолдау үшін материалды жақсы қайта өңдей біледі. • Барлық жерде және негізінде орынды стильді үзіліссіз қолданады.	7–8 балл • Қарапайым және кейбір күрделі түсініктерді жеткізу кезінде грамматикалық және лексикалық нормаларды жақсы түсінетіні көрсетіледі. • Тілі жалпы сауатты, сирек қателер болуы мүмкін.
3	5–6 балл • Мәтіннің аудиториясын, мақсатын, формасын, шартын және олардан туындаған әсерлерін қанағаттанарлықтай түсінеді.	5–6 балл • Қарапайым ойларды жеткізу кезінде грамматикалық және лексикалық нормаларды қанағаттанарлықтай түсінетіні

	- Өз көзқарасын қолдау үшін материалды қанағаттанарлықтай қайта өңдей біледі. - Стильді қанағаттанарлықтай қолданады.	көрсетіледі. Тілдің сауаттылығы қанағаттанарлықтай. Қателер анық көрінеді, бірақ мағынаны түсінуге негізі кедергі келтірмейді.
2	3–4 балл - Мәтіннің аудиториясын, мақсатын, формасын, шартын және олардан туындаған әсерлерін шектеулі түсінеді. - Өз көзқарасын қолдау үшін материалды қайта өңдеу кезіндегі кейбір талпынысы көрінеді. - Бірізділіктің болмауы және стильді қолдануда қателер жібереді.	3–4 балл - Тек қарапайым ғана ойларды жеткізу кезінде грамматикалық және лексикалық нормаларды шектеулі түсінетіні көрсетіледі. - Тілі жалпы сауатсыз, кейде мағынаны түсінуге кедергі келтіреді.
1	1–2 балл - Мәтіннің аудиториясын, мақсатын, формасын, шартын және олардан туындаған әсерлерін өте шектеулі түсінеді. - Өз көзқарасын қолдау үшін материалды қайта өңдеу кезіндегі өте шектеулі талпынысы көрінеді. - Жарамсыз стильді қолданады.	1–2 балл - Ойларын байланыссыз жеткізуі жиі; грамматикалық және лексикалық нормаларды өте шектеулі түсінетіні көрсетіледі. - Түсінбеушілікке әкеліп соқтыратын қателіктер өте жиі қайталанады.
0	0 балл - Мәтіннің аудиториясын, мақсатын, формасын, шарттылықтарын және олардан туындаған әсерлерін мүлде қате түсінеді. - Көлемі жағынан жеткіліксіз немесе байланыссыз орындалады.	0 балл - Грамматикалық және лексикалық нормаларды меңгермейді. - Үнемі қайталанатын қателер; жеткізілген ой анық емес.

2-сұрақтың жауабы үшін арнайы балл қою кестесі

2-сұрақтың арнайы балл қою кестесі жалпы балл қою кестесімен бірге қолданылады. Төменде берілген кесте 2-сұрақтың тиімді болжалды мазмұнын көрсетеді және бұл тек қана емтихан алушыларға үлгі ретінде қолданылуы тиіс. Оқушылар өз жауаптарын мәтін түрінде жазады және өз түсініктері оқыған мәтіндерінің мысалдарымен салыстырғанда төменде берілгендерден өзгеше болуы мүмкін.

Формасы
Диалог түріндегі публицистикалық жанр. Алдын ала әзірленген сұрақтарға негізделген сұхбат.
Көзделген аудитория
Әншілер мен басқа да өнер адамдары, өнер сүйер көпшілік қауым.
Мақсаты
- Өзінің кәсіби тәжірибесімен бөлісе отырып, өмірдегі, өнердегі қиындықтары мен жетістіктері туралы баяндау, қазіргі уақыттағы музыка өнері мен жас әншілердің даму деңгейі туралы әңгімелеу, баға беру. - Бұрынғы және қазіргі әншілердің құндылық туралы түсініктеріндегі айырмашылықтар

мен жастарды ұлттық құндылықтарды дәріптеуге тәрбиелеу жолдары туралы өз пікірін білдіру. - Танымал тұлғаның өмірі мен қызметі туралы көпшілікке кең түрде мәлімет беру. - Бағдарлама барысында сұхбат берушіге сұрақ қойып, оларға нақты қисынды, толық жауаптар алу мақсатын көздейтін әңгімелесу.
Стилі
Бейресми, ауызекі сөйлеу стилі, түсінікті тіл, музыка және әншілік өнер саласына қатысты кәсіби лексиканы қолданған. Екі адамның айтылымының кезектесуімен құрылған сөйлемдердің тізбегін көрсетеді. Сөйлеу актісі үдерісіне сұхбат алушы мен сұхбат беруші қатысқан.
Тілі
Лексика/Морфология - Тыңдаушыға түсінікті тілмен жазылған; терминдер (Кеңес заманы, ұлттық құндылықтар, патриотизм, <i>сахна, композиторлар т.б</i>) сұхбат берушінің ән өнерінің жанашыры, аталған саланы жетік білетін маман иесі екенін танытады; - Сын есімдерді қолдануы: сөйлеуші өз сөзінде қатыстық сын есімдердің қатарын (тойшыл, сауықшыл, думаншыл, эфирқұмар) алдыңғы буынның өнегесін айта отырып, кейінгі буынның атаққұмар болып бара жатқандығына наразылығын білдіру үшін қолданса, болашаққа деген сенімін жеткізу үшін де «азат, намысшыл, саналы» деген сапалық және қатыстық сын есімдерді қолданған. - Эмоционалды-экспрессивті реңкі бар лексиканы («<i>бар мен жоқты ажырата білді</i>», «<i>қазақ өнерінің жүгі</i>», «<i>бас ауыртқысы келмейді</i>», «<i>БІР әріптің басы қисаймайтын</i>») сұхбат беруші өнер саласында жүрген кейінгі буынға қатысты мәселені, жастардың тәрбиесі, қоғамдағы қалыптасқан жүйе туралы жеке ойларын, түрлі сезімдерін көрсетуде қолданған. - Тұрақты сөз тіркестері көбінесе сұхбат берушінің әр түрлі психологиялық жай-күйін жеткізуде жұмсалған: «<i>бойға сіңірмеген</i>» - бұрынғы және қазіргі әншілердің құндылықтарға деген көзқарасының әртүрлілігін айту, «<i>еңгіме қозғау</i>» - шешімі табылмаған мәселелерге назар аударту, «<i>аманатын арқалау</i>» - өнерге деген жауапкершілікті сезінудің маңыздылығын көрсету мақсатында қолданылған. - Нақыл сөздердің үйірлі мүше ретінде қолданылуы: сөйлеуші «<i>аманатқа қиянат жасауға болмайтынын</i>» - музыкадағы композиторлар мен әншілердің арасындағы байланысты, музыкадағы белгілі тұлғалардың қалдырған мұраларын таза күйінде кейінгі буынға жеткізу туралы айту мақсатында қолданған. - Метафоралық қолданыстар: «<i>қара нанның қадірі</i>», «<i>қазақ өнерінің жүгі</i>» - деген метафоралы сөз орамдары арқылы өнерді бағалау, еңбектің қадірі туралы ойды тұжырымды, өткір, әсерлі бейнелеген. - Эпитеттерді қолдану: «Асфальтта өскен бала», «ТАЗА өнер» деген эпитеттерді қолдану арқылы сөйлеуші қазіргі жастардың еш қиындықсыз өсіп, олардың арасында шынайы өнер мен нағыз еңбекті бағаламайтындардың саны көбейіп бара жатқандығына өз қаупін білдіреді. - Сөйлеушінің сөз қолданысында қайталаулар себеп-салдарлық мағынаны ашуға көмекші қызмет атқарып, ерекше стилистикалық құрал ретінде жұмсалған. (Өйткені қазір жастарды КӨШЕ тәрбиелеп кетті, АҚША тәрбиелеп кетті – жастардың таза өнердің жолында емес, сауықшыл, думаншыл болып бара жатқанына көңілі толмау мәнінде сөзді қайталау) - Етістіктің жіктік жалғауының I жағы жекеше және көпше түрі формасындағы қолданысында («<i>аманатын арқалап, көтеріп жүрмін</i>», «<i>ешнәрседен қауіптенбес едім</i>», «<i>кітап ақтармай отыра алмаймын</i>», «<i>тарихи дүниелерді түртіп алып жүремін</i>») аудиторияның назарын өзіне аудартып, оқиғалар мен әрекеттердің жеке басына тиесілі екенін көрсетуді көздеген. - Көп жағдайда сөйлеуші қазіргі өнер жолында жүрген жастардың кітап оқымайтындығына, құндылықтарды бағаламайтындығына, патриоттық сезімдерінің

төмендігіне, «таза өнер» жолында емес, тойшыл, сауықшыл, эфирқұмар болып бара жатқандықтарына көңілі толмайтындығын, өкініші мен ренішін, наразылығын, қынжылысын айрықша интонациямен айтса (ҰЯТ, АДАЛ, ОНДАЙ, АМАНАТ, ӨМІР БОЙЫ, ТАЗА өнердің, АҚША тәрбиелеп, КӨШЕ тәрбиелеп), ал сұхбаттың соңына қарай көтеріліп отырған мәселеге назар аудартып, өнердің болашағына, жастардың тәрбиесіне алаңдаушылығын, мәселені шешуге байланысты азаматтық үнін танытады (ҚАЗІРДЕН бастауымыз керек, ҰЛТТЫ сақтау үшін, ЕҢ ҮЛКЕН байлығы – ұрпағы).

- Сөйлеу барысындағы бірнеше кідірістер (имм...) сөйлеушінің бұрынғы уақыттты еске түсіріп, қазіргі ұрпақ өмірімен салыстыруын, ойлануын көрсетеді (Бүгінгі біздің балаларымыз, немерелеріміз *имм* осыны сезінген жоқ.).
- Кей жерлерде музыка саласындағы орын алған келеңсіз жайларды айтуға қинала отырып, психологиялық кідірістер жасайды: (*Айтпасқа тағы болмайды. (...), Сондай парасатты ұрпағымыз көп болса, (...) ешнәрседен қауіптенбес едім.*)
- Сөйлеуші «тіптен», «шын мәнінде», «одан бөлек», «мүмкін», «ең өкініштісі», т.б. қыстырма сөздерді қолданғанда мақұлдау, мәселеге назар аударту, пікірдің өзіне тиесілі екендігін көрсету, ойын дәлелді жеткізу мақсатын көздеген.

Синтаксис:

Мәтін тілшіге берілген сұхбат болғандықтан, хабарлы сөйлемдермен қатар сұраулы сөйлемдер қолданылған. Тілші сұрақтарынан басқа сөйлеуші өз ойын жеткізуде көпшілікке ой салу мақсатында риторикалық сұрауларды жиі қолданған («Асфальтта өскен бала қара нанның қадірін қайдан білсін?», «Оны қазір біз айтпасақ, кім айтады?!»)

- Өнер иесі өз кәсібінің қиын да қызықты сәттерін салалас және сабақтас құрмалас сөйлемдермен тартымды баяндаған. («*Қалаған жерінде тұра алады. *имм* ақшасын төлесе, кез келген жұмысты атқаруға дайын.*», «*Отанын сүю, ұлтыңды сүю туралы мораль айтсаң, күле қарайтындар өте көп*»).
- Эмоционалды мағына туғызу үшін ойын жеткізудің әсерлі құралы ретінде лепті сөйлемдерді қолданған. Мақсаты – оқырманға қоғамдағы мәселе туралы толғамды ой салу, өзінің түпкі ойын аңғарту. (Қазір бізде мектеп, институт, академия ОНДАЙ тәрбие бере алмайды!)
- «*Кеңес заманында патриотизмді бойға сіңірмеген, *имм* өз еңбегімен еленбеген адамды сыртқа шығармайтын*» тәрізді бірыңғай мүшелі сөйлемдерді ойды жинақы жеткізу үшін бір-біріне қарайлас, синтаксистік қызметі бірдей сөздерді бір сөйлем құрамында айту мақсатында қолданған.
- Сөйлеушінің ойын жинақтай алмай шашыраңқы айтуы салдарынан инверсияланған жай сөйлемдер, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі сақталмай, сөздердің орны ауысып келуі кездеседі. («*Тарихшы боп кеткен жоқпын ба деп қорқамын, кейде.*», «*Ұқсас болды талғамымыз!*»).

Мәтін құрылымы:

- Мәтін жеті абзацтан тұрады;
- Абзацтар мен сұхбаттағы ойлар тілшінің тақырыпқа қатысты қойылған жүйелі сұрақтары арқылы байланысқан;
- Тілшінің қойылған сұрақтарынан танымал тұлғаның өнер жолындағы жетістіктерін жетік зерттеп танысқандығын және қазіргі ән өнері саласындағы мәселелерді зерттегенін, сұхбатқа алдын ала дайындалғандығын байқауға болады;
- Негізгі идеяның дамуын логикалық бірізділікпен көрсете алған. Тілші белгілі заңдылыққа сүйенбей және қатаң принциптік негізі жоқ сұрақтарды белгілі бір реттілікпен қоя отырып, әңгімені өрбітеді;

7.2 2-емтихан жұмысы: Жазылым

А бөлімінен бір сұраққа және Ә бөлімінен бір сұраққа жауап беріңіз. Барлық сұрақтардың маңызы мен бағалау шарттары бірдей. Әр сұраққа жазған жауабыңыз 450-600 сөз болуы тиіс.

А бөлімі: Шығармашылық жазба жұмысы

- 1 Сіз Қазақстанның өткен кезеңіне саяхаттап жатқаныңызды елестеңіз. Кез келген кезеңді таңдаңыз және айналада болып жатқан жағдайларды сипаттаңыз. Өзіңіздің қоршаған адамдарға, жағдайларға деген сезімдік қарым-қатынасыңызды жеткізіңіз.

[25]

- 2 Сіз екі көрерменнің бірдей қойылымды көріп отырғанын елестетіңіз. Бірі қойылымды ұнатқан, бірі ұнатпаған көрермен. Сахнада болып жатқанды екі түрлі көрерменнің көзқарасымен сипаттап, **екі** мәтін (әрқайсысы 225–300 сөз) жазыңыз. Екі көрерменнің театр атмосферасынан, қойылымынан және актерлердің ойынынан алған сезімін жеткізіңіз.

[25]

- 3 «Менің өмірімдегі ең ерекше саяхат...» сөздерінен басталатын әңгіме жазыңыз.

[25]

Ә бөлімі: белгілі бір аудиторияға бағытталған жазба

- 4 Бір ауылдың жанынан мұнай көзі табылды. Мұнай өнеркәсібінің өкілі ауыл тұрғындарының алдында сөз сөйлеп, ашылатын мұнай көзінің ауыл өміріне қалай әсер ететін түсіндірді. Сөз сөйлеушінің атынан мәтін жазыңыз. Мәтіңізде жергілікті тұрғындарды аландататын мәселерді түсінетінін көрсетіп, мұнай көзінің ашылуын қолдайтынына аргументтер келтіріңіз.

[25]

- 5 Дарынды студенттердің конференциясына «Ақпараттық технологиялар — Қазақстан қоғамы дамуының кепілі» тақырыбы бойынша баяндама дайындауға тапсырыс берілді. Осы баяндаманың мәтінін жазыңыз. Кездесетін мәселелерге қарамастан, жаңа ақпараттық технологиялардың мүмкіндігі зор деген сенім тудырыңыз.

[25]

- 6 Жетекші іскерлік басылым сізге «Қазақстанның әлеуметтік саясатының келешегі» тақырыбы бойынша мақала жазуды тапсырды. Мақаланың мәтінін жазыңыз. Мәселелердің қиындықтары мен оларды шешудің түрлі тәсілдерінің мүмкіншіліктерін көрсетіңіз.

[25]

Балл қою кестесі

2-емтихан жұмысында жалпы балл қою кестесі қолданылады.

А бөлімі: Шағармашылық жазылым

Диапазон	Балл	Сипаттама
5	21-25	- Тапсырмада шығармашылық тәсілдемені өте жақсы қолданады, аудиторияны толық тарта біледі, мәтіннің сәйкес формасын дәлелді қолданған. - Құрылымы сәйкес және қатаң сақталған. - Оқырманға ерекше әсер ету мақсатында көркем тіл құралдарын өте жақсы қолданған. - Еркін, мәнерлі ойластырылған мазмұндауы бар, күрделі әсерлерге қол жеткізеді. - Сауаттылығы жоғары деңгейде.
4	16-20	- Тапсырмада шығармашылық тәсілдемені орынды қолданады, аудиторияны тарта біледі, мәтін формасының қолданысы жүйелі. - Құрылымы сәйкес және сақталған. - Оқырманға ерекше әсер ету үшін тілдің шығармашылық қолданысы нақты, анық. - Қажетті әсерге жетуге ықпал ететін анық және үзіліссіз мазмұндауы бар. - Мағынаны жеткізуде кездейсоқ қателер қиындық тудырмайды.
3	11-15	- Сәйкестендірілген құрылымы мен шығармашылық қабілеті анық, аудиторияны сезеді, өз ойын жобалап жеткізеді. - Қолданылған құрылымы дұрыс, бірақ кейбір жағдайда жүйеленбеген, құрылымнан ауытқу кездеседі немесе біртекті құрылымдар бар. - Тіл қолдануға деген талпынысы, суреттеу мен баяндау жазбалары қажетті деңгейде. - Нақты, бірақ біртекті сөз құрылымдарын қолданады. - Шақтардың, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы қажетті әсер алуды төмендетеді.
2	6-10	- Қажетті ұстаным мен мазмұн бар, аудиторияны сезу қабілеті байқалады. - Құрылымында ауытқушылық кездеседі, (дәл анық емес), нақты суреттеу мен карама-қайшылықтарды баяндау қабілеті бар, бірақ солғын. Өз ойын жобалап жеткізеді. - Тілдік амал құралдарын қолдану әрекеті бар, суреттеу, сипаттау элементтері қанағаттандырылғы деңгейде. - Сөз саптауы нақты болғанымен, жүйесіздік байқалады. - Шақтардың, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы жиі кездеседі.
1	1-5	- Мағына мен мәселеге тоқталғанмен, шығармашылық тәсілдемеге сай емес, формасы нақтыланбаған, мысалы, суреттеу сұрағына баяндау арқылы жауап береді, өз ойын білдіруде шектеуліктер байқалады. - Құрылым әлсіз, ұйымдастырылмаған, ауытқулар жиі байқалады. - Тек кейбір жағдайда ғана тілдің жиі қолданылатын әдістері баяндау мен суреттеу жазбаларына сәйкес.

		Шақтарды қолданылуы анық емес, құрылымдық қателер (шақтардың, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы) мағынаны толық түсінуге қиындық келтіреді.
0	0	- Жұмыс қойылған мақсатқа сай емес, түсініксіз, құрылым мен мазмұны сай емес. - Төменгі деңгейдегі құрылымдық қателер (шақтардың, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы) оқушының жалпы әсер ету қабілетін көрсетуге кедергі келтіреді.

Ә бөлімі үшін жалпы балл қою кестесі: Дискурсивті/Аргументативті жазылым

Диапазон	Балл	Сипаттамасы
5	21-25	- Тапсырманы орындаудағы қызықты да әсерлі, қажетті түр мен өзіндік құралдарды бірегей қолданады, аудиторияны жандандырады және пікірін сенімді де нақты білдіреді. - Қатаң ұстанымы мен сәйкестендірілген құрылымы мәселені логикалық күйде дамытады. - Оқырманға әсер ету, нақтылау, түсіндіру мақсатында қолданылған көркемдегіш тіл құралдарының аясы өте кең. - Еркін, аяқталған ой-пікірлері күрделі нәтижелерді дәлме-дәл, биік деңгейде талқылай алатынын көрсетеді. - Сауаттылығы жоғары деңгейде.
4	16-20	- Тапсырмаға ойластырылған тәсілдемесі бар, қажетті форманы сақтай отырып, қызығушылықты туындатады, өз пікірін нақты білдіреді. - Құрылымы логикалық бірізділікке құрылған, мәселе мен деректерді талдауы нақты. - Оқырманға әсер ету, нақтылау, түсіндіру мақсатында қолданылған тілдік құралдары үйлесімді. - Сөз сөйлеу мәнері әсерлі, сенімді деректер келтірілген, Жіберілген қателер түсінуді қиындатпайды. - Сауаттылығы жақсы деңгейде.
3	11-15	- Қажетті ұстанымы анық, шығармашылық қабілеті байқалады, аудиторияны сезеді, өз ойын жобалап жеткізеді. - Қолданылған құрылымы бар, бірақ жүйеленбеген және ішінара ауытқулар кездеседі. - Әсер ету, нақтылау, түсіндіру мақсатында қолданылған тілдік құралдары кей жағдайларда жеткіліксіз деңгейде берілген. - Біртекті сөз құрылымдарын қолдану жиі байқалады. - Шақтардың, бастауыш пен баяндауыштардың байланыспауы, орфографиялық, пунктуация қателер қажетті әсер алуды төмендетеді.
2	6-10	- Қажетті ұстанымы мен мазмұн арасында байланыс бар, аудиторияны сезу қабілеті байқалады, бірақ өз пікірін сенімді білдіре алмайды. - Құрылымы анық емес, келтірілген деректерді дамыту қабілеті жеткіліксіз. - Тіл құралдарын қолдану әрекеті бар, бірақ суреттеу, деректендіру және аудиторияға әсер етуі қанағаттанарлық деңгейде.

		- Ойын білдіруде, сөз саптауында жүйесіздік байқалады, ой шашыраңқылығы ішінара кездеседі. - Шақтардың, бастауыш пен баяндауыштардың байланыспауы, орфографиялық, пунктуация қателер түсінуге кедергі келтірмейді.
1	1-5	- Жұмыс көздеген мақсатқа сай емес, мәселеге қатысты түсінігі бар, бірақ өз ойын нақты жеткізе алмайды. - Құрылымы шашыраңқы, дұрыс құрылымдалмаған, тақырыптан ауытқулықтар жиі байқалады. - Тіл құралдарын қолдану әрекетіне талпыныс жасаған, бірақ суреттеу, деректендіру және аудиторияға әсер етуі төмен. - Шақтардың, бастауыш пен баяндауыштардың байланыспауы, орфографиялық, пунктуациялық қателер мағынаны толық түсінуге қиындық келтіреді.
0	0	- Жұмыс қойылған мақсатқа сай емес, түсініксіз, құрылым мен мазмұны өте төмен деңгейде. - Таңдалған тақырыпты мүлде түсінбеген. - Дұрыс құрылымдалмаған. - Шақтардың, бастауыш пен баяндауыштардың байланыспауы, орфографиялық, пунктуациялық қателер жалпы мағынаны толық түсінуге кедергі келтіреді.